

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

сенімдерде көрініс тауып оырады. Сонымен қатар адамдардың іс-жүзіндік тұрмыс тәжірибесінің қорытындысы болған ырым- тыйымдар тағам тазалығы мен ақаусыз денсаулыққа маңызы өте зор.

Қорыта айтқанда, халқымыз дәм татыруды достықтың, татулықтың, бірліктің, елдіктің сара жолы деп деп біледі, бұл даралық халық арасында тараған «үйде асы жоқтың, тұзде досы жоқ» деген мақалдан аңғарылып отырады. Халқымыз қонақжайлылығымен, мырзалығымен аты кеңнен тараған ашық қолды, жылы жүзды халық. Қазақ халқының ұғымында аста қасиет, құдірет, кие бар деп түсіндіріледі. Қытай тағам мәдениетінде тағам түрлерінің аса молдығы мен тағамға байланысты ырым- тыйымдары мұндай даралық ерекшелікті аңғартып отырады.

Қытай және Қазақ халықтарының тағам мәдениетінде ұқсастықтар байқалып отырады. Тағам мәдениетін айтқанда бір халықтың жейтін тағамы бір халықта мүлдем жоқ деп айтудан аулақпыз. Өйткені, ертеден келе жатқан бұл халықтардың түрлі тарихи жағдайларға байланысты тағам даярлауда да ұқсас тұстары болып отырған. Соған байланысты, кей тағамдар бір халықтан екінші халыққа өтіп, күнделікті тұрмысында жиі даярланып отырған.

Қытай және Қазақ халықтарының тағам мәдениетінде көптеген айырмашылықтар сақталған. Екі елдің тұрмыс тіршілігі мен наным сенімдеріне байланысты тағам мәдениетінде өзіндік дара ерекшеліктері бар. Тағам түрлерінде нені тұтыну, нені тұтынбау мәселесіне байланысты туындаған ырым-тыйымдар, дастарқан үстінде тамақтану барысындағы көңіл бөлетін түйіндер және соған қатысты сол елдің өзіндік дара ерекшелігі мен ұлттық ерекшеліктерін әйгілеп отырады. Соған орай бұл екі ел қарым - қатынасында мәдениет айырмашылығына көңіл бөлу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың дарқан дастарқаны. - Алматы: “Алматы кітап” ЖСШ, 2005 -240бет.
2. el.kz сайты. «Ас/тамақ/тағамға байланысты наным-сенімдер, ғұрыптар мен ырым-тыйымдар»
3. 百度页面-饮食文化
4. 徐杰舜, 《汉族风俗史》上海林出版社, 2004 年

ӘОЖ 793.3(510)

ҚЫТАЙ ХАЛҚЫНЫҢ БИ ӨНЕРІ

Орал Әсия Бауыржанқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Филология Факультетінің
2-курс студенті, Астана қалсаы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі - Мансұр Шолпан

Би – адамзат мәдениетіндегі әрі қарапайым, әрі сырлы құбылыс. Оның тамыры терең, мазмұны тұңғыық. Оған әр халықтың наным-сенімі, арман-тілегі, эстетикасы, мінез-құлқы, болмыс-бітімі, жан сезімі сияқтылар сіңірілген. Әр түрлі ұлттың биінің, біріншіден, өзіндік бөтен бөгенайы бар. Екіншіден, оның тым арыдан қалыптасып жалғасып келе жатқан жүлгесі және дерегі бар. Қазіргі кезде адамзат ән әуенінің де, күйінің де, биінің де алуан түрі бар. Алайда, соларға қарап отырып бұл қайсы ұлттың ән-биі екендігін парықтап білуге болады. Ал бір ұлттың өзінің де сандаған әні, күйі, биі бар. Олар да бірі-бірінен парықты. Ендеше адамдар әрқайсысы ұлттардың ән, күй, билерін қалайша парықтап тани алады? Өйткені, бір ұлттың түрлі-түрлі биі болғанымен оның ең басты арқауы бір, яғни бір түп ағаштың тамыры мен бұтағы жан-жаққа шашырай біткенімен, алайда діңі бір, жапырақ пішіні ұқсас. Өнер де осылай. Қытай, қазақ, ұйғыр, тибет биінің де тарихи қалыптасқан үлгісі, арқауы бар, ол солардың кімдікі екендігін айшықтап, ұлттық болмысынан сыр шертіп тұрады.

Қытай би өнері 5000 жылдық тарихқа ие. Ол дәстүрлі би және ұлттық би болып екі үлкен топқа бөлінеді. Ал мазмұны жағынан, үш түрге бөлініп, бимен айтпақ болған ойын жеткізеді. Бірінші түрі еңбекші халықтың өндірісі мен күнделікті тұрмыс тіршілігін бейнелейді. Екінші түрі ұлттық салт-дәстүрді насихаттайды. Үшінші түрі азалы жиындарда орындалатын қаралы билер болып табылады.

Қытай би өнері туралы көптеген нақтылы деркестер бар. Чинхай өлкесі Датүн ауданының Сүнжияхай деген жердегі жаңа тас құрал дәуірінің моласынан би өрнектелген фарфор табақ табылған. Табақтың сыртына бес-бестен үш қатар болып қол ұстап билеген адамдардың суреті бейнеленген. Бұл қытайлықтардың арғы ата-бабаларының жаңа тас құрал дәуірінде би арқылы көңіл-күйді білдіргенін көрсетеді. Күні бойы аң аулап қайтқан қытайлықтардың арғы ата-бабалары кешкі от жағылған кезде бас қосып, қол ұстасып би билеп, ән айтып, өмірдегі арман-тілектерін айтып отырған. Осы дәстүр қазіргі таңда Қытайдың көптеген ұлттарында сақталып келуде.

Иң-Шаң дәуірінде би билеу белгісіз құдіреттен тілек тілеудің негізгі қарекеттерінің бірі болды деуге болады. Осы кезде сарай биі дүниеге келіп, дамып, патшалар мен ақсүйектерге би билеп беретін арнайы бишілер болды. Ал Чинь-Хан дәуірінде сарай биі жылдам дамыды. Биші және әнші бикештер сарайда болатын ән-би үйірмесіне қатысты. Олар әр түрлі рәсімдерде ойын қоюды өз міндеттеріне алғанымен, олардың басты міндеті патшалардың көңілін көтеру болды. Таң дәуірі кезінде сарай биі тіпті жақсы дамып, шырқау шегіне жетті. Таң хандықтарының ордаларында, сонымен қатар аристократтар үйлерінде «Әйгілі әуен», «Тауық жүнімен безендірілген, түрлі түсті көйлектер» би композициясы орындалатын. Сун және Юань патшалықтары кезінде қытай театры қарқынды дамып, жақсы таралғандықтан, би кейінірек операмен араласып, оның бөлінбес бір бөлшегіне айналып кетті. Дегенмен де халық билері ежелден жеке-дара қойылып келе жатқандықтан, кейбір әйгілі билер қытай сахнасында әлі де қойылып келеді.

Қытайда «Қару-жарақ биі», «Жұдырықшылар биі», «Желпуіш биі», «Жасауылдар биі» сияқты билер бар. Осылардың ішінде ең көп таралғаны - «Қару-жарақ биі». «Семсер биі», «Қылыш биі», «Шоқпар-сойыл» билерінің барлығында қолбасы дәрежелі адамдар бейнеленеді. Таң дәуірі кезініндегі «Қару-жарақ биі» Гүң Сүн әжей сияқты осы биге шебер ұстаздарды дүниеге әкелді. Қару-жарақ биінде кейде қолға қанжардан басқа ту, алау алып та билеп, бидің айбынын арттырады.

Сонымен қатар, Қытайда мереке-мейрамдарда халыққа кең тараған, ұлттық түс алған айдаһар биі, яңгы биі, таяқ биі, арыстандар биі, тағы басқа билер биленіп, тойдың думаның асырып, халықтың көңілін көтереді. Айдаһар биіне тоқтала кетсек, бұл би Қытайдың дәстүрлі би өнеріне жатады. Қытайлықтардың көзқарасы бойынша, «айдаһар биі» күш пен абыройды білдіреді және олар өздерін «айдаһардың ұрпақтарымыз» деп санайтындықтан, көптеген адамдар тізбегімен, үстеріне айдаһар пішінін мүсіндейтін ұзыннан-ұзаққа созылған сәнді киім киініп, айдаһар образын сомдап, көз алдыңызға иерелендеген шын айдаһарды елестетеді.

56 ұлттан құрам тапқан Қытай мемлекетіндегі әр ұлттардың да өте бай және бірыңғай би дәстүрі бар. Көне ұлттық билердің құндылығын сақтай отырып, бүгінгі жаңа қоғам талабына сай дамып жаңғыртылуда. Ұлттық билердің арасында әйгілісі: «Тотықұс биі», «Қойшы биі»(моңғол), «Павлин биі»(тай), «Сул биі»(ұйғыр), «Ши қалпақпен билеу»(ли), «Тибеттік би»(заңзу), «Қара жорға биі»(қазақ) т.б. Бұлар Қытайда және шетелде де көрермендердің ыстық ықыласы мен жоғары деңгейдегі өз бағасын алған билер. Бұл жерде тоқтала кетсек мақтанышпен өз қазағымыздың біртұтас желіге құрылған, бірнеше бөлімнен тұратын, берік композициялы, нағыз буын биі «Қара жорға биін» ауыз толтырып айтуға болады. Қазіргі күні әуелі қытай мектептерінде «Қара жорға биін» күнделікті гимнастика қатарына қосып, жас ұрпақты сау денелі болып өсуге баулуда.

ҚХР құрылғаннан кейін үкімет би өнерінің дамып, өркендеуіне көңіл бөле бастады. 1950 жылдары неше түрлі ән, би ансамблдері құрылып, жұмыс істеуін бастады. Пекин, Шанхай қалаларында Дай Айлянь бастаған атақты бишілердің жетекшілігімен Қытайдың алғашқы

түлектері дайындалды. Бай Шусян, Шу яо, Чжао Цин және Цзи Хуанцзюнь секілді талантты бишілер Қытай сахналарында және шетел сахналарында өз өнерлерін көрсете бастады. Олардың барлығында жоғары кәсіптік және өзіндік шеберіктері болды. ҚХР құрылғанның алғашқы жылдарында-ақ қытай бишілері халықаралық байқауларға қатысып, қола және алтын жүлделерін жеңіп жүрді.

Би өнері халыққа өзіндік ширақ іс-әрекет қимылымен өз ойын көркем жеткізіп, өмірге мән-мазмұн беріп, эстетикалық ләззат сыйлап келеді. Дәстүрлі би өнері ежелден қалыптасқан тамырын сақтап, жаңа заманға сай дамып, түрленіп, толықтанып келеді. Бидің адамзат баласының жан саулығы мен тән саулығын сақтауда орны биік өнер екені бәрімізге белгілі. Демек, біз, жас ұрпақ осы рухани байлықты қадірлеп, Қытайдың би өнерінің жетістіктерінен үлгі алып, өз халқымыздың да ұлттық билерінің биік шыңға шығып, өркендеуіне өз үлесімізді қосуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Су Шу Яң «Қытайтану», Әнхуй баспасы, 2003, 212 б.
2. Мәсімханұлы Д. «Қытай туралы қырық сөз», Фолиант баспасы, 2014, 234 б.
3. Хан Жин Таң «Қытай мәдениеті», Пекин тілдер университетінің баспасы, 2013, 175 б.

УДК 37.048

7 СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫН ФОНЕТИКАЛЫҚ, ЛЕКСИКАЛЫҚ, ГРАММАТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ

Оразғали Айжан Жанарбекқызы

aizhan_orazgali@mail.ru

Еуразия гуманитарлық институтының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Л.У. Алипбекова

Ағылшын тілін қазіргі заманға сай сапалы, тиімді үйретуге мүмкіндік беретін тиімді тәсілі – ойын технологиясы.

Соңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижесі мектеп оқушыларының сөздік қорының аз екендігі, олардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу деңгейінің төмендігі, тіпті сөйлеу біліктілігінің жоқ екендігін аңғартады. Бұған себеп, оқушылардың заман талабына қарамастан ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығының төмендігі мен мектептегі ағылшын тілі пәні сабақтарында оқушылардың жан-жақты біліктілігін дамытуға жете мән бермейтіндігі деп есептеледі. Осы себепті, оқушылардың ынтасын арттырудың бірден-бір негізгі құралы – ойын технологиясының маңызы туралы зерттеу жұмыста қарастырылған.

Ойын өмірде пайдасыз көрінгенімен аса қажетті көрініс-құбылыс. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері – мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады.

Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды.

Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі – дидактикалық ойындар.

Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы